



**БҰЙРЫҚ**

03.03.2025

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 276-0

город Астана

**Ғылыми-техникалық кеңестің  
құрамын және ережесін бекіту туралы**

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-техникалық кеңесі туралы ережені Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы 23 қазандағы №491 бұйрығымен бекітілген Ғылыми-техникалық кеңес бойынша үлгілік ережесіне сәйкестендіру мақсатында және кадрлық өзгерістерге байланысты,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Қазгидромет» РМК Ғылыми-техникалық кеңесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Қазгидромет» РМК Ғылыми-техникалық кеңесінің құрамы бекітілсін.

2. «Ғылыми техникалық кеңестің құрамын және ережесін бекіту туралы» «Қазгидромет» РМК Бас директорының 2024 жылғы 4 мамырдағы №360-ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Қазгидромет» РМК Бас директорының бірінші орынбасары С.Б. Саировқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

**Негіздеме:** Бас директордың орынбасары М.И. Уринбасаровтың 2025 жылғы 17 ақпандағы №12-12/24 қызметтік жазбасы.

Бас директор

 Д. Алимбаева

*Приказ № 246-Ө*

*03.03.2025 г.*

## **Об утверждении состава и положения о Научно-техническом совете**

В целях приведения Положения о Научно-техническом совете РГП «Казгидромет» в соответствие с Типовым положением о научно-техническом совете, утвержденного приказом Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан от 24 октября 2024 года №491 и в связи с кадровыми изменениями, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) Положение о Научно-техническом совете РГП «Казгидромет», согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) Состав Научно-технического совета РГП «Казгидромет», согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. Признать утратившим силу приказ Генерального директора РГП «Казгидромет» от 4 мая 2024 года №360-ө «Об утверждении состава и положения о Научно-техническом совете».

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Первого заместителя генерального директора Саирова С.Б.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.


**Основание:** Служебная записка Заместителя генерального директора Уринбасарова М.И. от 17 февраля 2025 года №12-12/24.

**Генеральный директор**

**Д. Алимбаева**


**Келісіді:**

Бас директордың орынбасары

  
\_\_\_\_\_ М. Уринбасаров


« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету  
департаментінің директоры м.а.

  
\_\_\_\_\_ Д. Туяков

«24» 02 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Бас бухгалтер

  
\_\_\_\_\_ О. Макатов

«20» 02 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

Әкімшілік департаментінің директоры

  
\_\_\_\_\_ Г. Тулебаева

«18» 02 \_\_\_\_\_ 2025 ж.

«Қазгидромет» РМК  
2025 жыл 3 наурыз № 276-Ө  
бұйрығына 1 қосымша

## «Қазгидромет» РМК Ғылыми техникалық кеңесі туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. «Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) ғылыми – техникалық кеңесі (бұдан әрі – ҒТК) метеорологиялық және гидрологиялық мониторингтер мен қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу шеңберінде ғылыми қызметті басқару және ұйымдастыру тиімділігін арттыру мақсатында құрылған консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. ҒТК өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңын, ғылым және коммерцияландыру саласындағы өзге де нормативтік-заңнамалық актілерді, сондай-ақ Қазгидрометтің Жарғысын, бұйрықтары мен өкімдерін, осы Ережені және оның қызметіне қатысты басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

3. Кәсіпорын ҒТК туралы осы Ереже кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібін және оның өкілеттіктерін айқындайды.

### 2. ҒТК құрамы мен құрылымы

4. ҒТК құрамына төраға, төрағаның орынбасары, метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг және қоршаған ортаның жай-күйін мониторингтеу саласындағы жетекші ғалымдар, қызметкерлер және (немесе) сарапшылар.

5. ҒТК құрамына сайланатын ғалымдар:

1) Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) ҒТК құрамы қалыптасқан күнге дейін 3 (үш) жыл ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілерінің жұмыскерлері болып табылатын немесе шетелдік ғылыми ұйымдарда немесе ЖООКББҰ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын ғылым докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты дәрежесінің болуы;

3) уәкілетті органның реттелетін салаларында ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 5 (бес) жыл болуы тиіс.

6. ҒТК құрамының кемінде 70% тиісті салаларда кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлер және (немесе) сарапшылар құрауы тиіс.

7. ҒТК төрағасы және төраға орынбасары бірінші отырыста ҒТК мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы ҒТК мүшелері арасынан сайланады.

8. ҒТК құрамын Кәсіпорынның Бас директоры 3 (үш) жылға бекітеді және 9 (тоғыз) адамнан тұратын мүшелердің тақ санынан тұрады. НТС мүшелерін объективті себептермен ауыстыруға болады.

9. Ғылыми-зерттеу орталығы — кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі ҒТК Жұмыс органы болып табылады.

### 3. ҒТК негізгі міндеттері мен функциялары

10. ҒТК негізгі міндеттері:

- 1) Кәсіпорынның қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу, метеорологиялық және гидрологиялық мониторингтер саласындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің мәселелерін қарастыру, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 2) Кәсіпорынның ғылыми қызметі бойынша стратегиялық және ағымдағы жоспарларды қарастыру;
- 3) ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 4) Кәсіпорынның ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жобаларын қарастыру;
- 5) Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми, ғылыми-әдістемелік қызметін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстарды зерделеу және әзірлеу;
- 6) Кәсіпорынның инновациялық қызметін дамыту мәселелерін қарастыру;
- 7) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін дәріптеу және насихаттауға қатысу бойынша мәселелерді қарастыру және ұсынымдар әзірлеу, оларды коммерцияландыруға жәрдемдесу;
- 8) бірыңғай мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу бойынша Қазгидрометтің басқа ғылыми ұйымдармен, жоғары оқу орындарымен, ғылыми қоғамдастықпен өзара іс-қимылы жөніндегі мәселелерді қарастыру;
- 9) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;
- 10) Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді жұмысы жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

11. ҒТК қызметтері:

- 1) ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет бағыттарының басым міндеттерін іске асыру мақсатында Кәсіпорынның қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсынымдарды талқылайды және әзірлейді;
- 2) ғылыми тұжырымдамаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық даму бағдарламаларына, ғылым саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік актілерге ұсыныстарды қарастырады;
- 3) Кәсіпорынның ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын бекіту

және іске асыру, олардың нәтижелерін іс жүзінде іске асыру, ғылыми кадрларды даярлау, ғылыми еңбектерді шығару бойынша ұсынымдарды қарастырады және әзірлейді;

4) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша техникалық тапсырмаларды әзірлеу кезінде ұсыныстар әзірлейді;

5) жобалар мен бағдарламаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурстық құжаттамаларды әзірлеу кезінде ұсыныстар әзірлейді;

6) ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың ғылыми жаңалығы, ғылыми-техникалық деңгейі, перспективалылығы, әзірлену дәрежесі, сұратылатын қаржыландыру көлемінің экономикалық негізділігі ұсынымдарын қарайды және әзірлейді;

7) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері басшыларының, жекелеген ғылыми қызметкерлердің ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және өндірістік қызметтің нәтижелері бойынша есептерді тыңдайды, кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар әзірлейді;

8) Кәсіпорынның ғылыми қызметін басқаруды жетілдіру бойынша мәселелерді талқылайды және ұсынымдар шығарады;

9) ғылыми кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға байланысты мәселелерді талқылайды; ғалымдардың ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі жұмыстары туралы хабарламаларын жүйелі түрде тыңдайды;

10) Кәсіпорынның ғылымды дамытуға үлес қосқан ғылыми қызметкерлеріне ғылыми және құрметті атақтарды беруге кандидатураларды ұсынады;

11) Ұлттық ғылыми кеңестердің құрамына ұсынылатын ғалымдардың кандидатураларын қарастырады;

12) жекелеген авторлар, ұжымдар мен қызметкерлердің ғылыми еңбектерін жариялауға ұсынады.

#### **4. ҒТК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

12. ҒТК мүшелері қоғамдық негізде ҒТК жұмысына қатысады. Кәсіпорын ҒТК-ға қатысуға байланысты шығындарды (оның ішінде іссапар шығындарын) төлемейді.

13. ҒТК мүшелерінің төмендегідей құқықтары бар:

1) неғұрлым перспективті зерттеулерді дамыту және тиімсіз жұмыстарды тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге;

2) отырыстарда талқыланатын мәселелер бойынша еркін пікір алмасуға;

3) көпшілік қабылдаған ҒТК ұсынымдарымен келіспеген жағдайда талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге.

14. ҒТК мүшелері:

1) ҒТК жұмысына белсенді қатысуға, ҒТК отырыстарына қатысуға, оның ішінде осы Ереженің 17-тармағына сәйкес қашықтан қатысуға;

- 2) ҒТК Төрағасының тапсырмасы бойынша қарастыруға жататын материалдар туралы қорытындылар мен пікірлер беруге;
- 3) қаралатын мәселелерді талқылау және қорытындылар мен пікірлер дайындау кезінде әдептілік сақтауға міндетті.

## **5. ҒТК қызметін ұйымдастыру**

15. ҒТК қызметінің негізгі нысаны отырыс болып табылады. ҒТК отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

16. ҒТК отырысы, егер оған ҒТК мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

17. Отырысты өткізу кезінде ҒТК мүшелері үшін бейнеконференц байланыс арқылы онлайн қатысу мүмкіндігі беріледі.

18. Жұмыс органы ҒТК қызметін қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) ҒТК ұйымдастырушылық-техникалық жұмысын қамтамасыз етуді;
- 2) отырыс өткізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын ҒТК мүшелеріне жіберілетін материалдарды дайындауды;
- 3) ҒТК жұмысы туралы жоспарлар мен есептер жасайды және орындалуын үйлестіруді жүзеге асырады.

19. Жұмыс органының лауазымды адамы болып табылатын ҒТК хатшысы:

1) ҒТК отырыстарға материалдарды дайындауды, жинауды және жүйелеуді;

2) ҒТК мүшелерінен және кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен жыл сайынғы негізде ҒТК отырыстарының жоспарын қалыптастыру бойынша ұсыныстар жинау;

3) ҒТК мүшелеріне және шақырылған адамдарға ҒТК отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды уақтылы жіберуді;

4) отырыстардың күн тәртібін әзірлеуді, отырыстарды хаттамалауды;

5) ҒТК шешімдерінің жобаларын дайындауды және отырыстардан кейін хаттамаларды ресімдеуді жүзеге асырады.

20. Мәселені дайындауға жауапты адам ҒТК хатшысына ҒТК отырысына дейін 10 (он) күн бұрын төмендегідей материалдарды ұсынуды қамтамасыз етеді:

1) баяндаманың тезистері (қаралатын мәселе бойынша қысқаша анықтама);

2) ақпараттық-анықтамалық сипаттағы қосымша материалдар (қажет болған жағдайда).

Хатшы ұсынылған материалдарды талдайды, қажет болған жағдайда олардың құрамы мен мазмұнын нақтылайды және оларды ҒТК мүшелеріне, қажет болған жағдайда – Қазгидромет ҒТК отырысына шақырылған адамдарға отырыс өткізілгенге дейін 5 (бес) күн бұрын жібереді.

ҒТК отырысына қатысушыларға материалдардың уақтылы ұсынылуын бақылауды ҒТК төрағасы жүзеге асырады.

## 6. ҒТК шешімдерін қабылдау тәртібі

21. ҒТК шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ҒТК-нің отырысына қатысқан мүшелердің жалпы санының 2/3-і дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болғанда, шешуші Төрағаның дауысы болады. Хатшы ҒТК мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс бермейді.

22. ҒТК отырысында мәселелерді талқылау нәтижелері ҒТК хаттамалық шешімімен ресімделеді. Хаттамаға Төраға, ҒТК мүшелері және хатшы қол қояды.

23. ҒТК шешімдері ұсынымдық сипатқа ие және Кәсіпорын басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді.

24. ҒТК шешімдерін бес күн мерзімде ҒТК хатшысы рәсімдейді және ҒТК мүшелеріне, Кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелеріне және мүдделі тұлғаларға электрондық пошта арқылы жіберіледі.



«Қазгидромет» РМК  
20<sup>25</sup> жыл 3 наурыз № 216-Ө  
бұйрығына 2 қосымша

**«Қазгидромет» РМК Ғылыми-техникалық кеңесінің  
құрамы**

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Елтай Айзат Ғалиқызы	Ph.D, Ғылыми-зерттеу орталығы Каспий - теңізін гидрометеорологиялық зерттеулер басқарма бастығы
2	Кушникова Людмила Борисовна	г.ғ.к., «Қазгидромет» РМК Шығыс Қазақстан және Абай облыстары - бойынша филиалының сапасы бойынша кешенді зертханасының жетекші инженері
3	Терехов Алексей Геннадьевич	г.ғ.к., Ғылыми-зерттеу орталығы - Метеорологиялық зерттеулер және есептеулер басқармасының жетекші ғылыми қызметкері
4	Тілләкәрім Тұрсын Адамбекқызы	PhD, Ғылыми-зерттеу орталығы - директоры
5	Яфязова Роза Кайюмовна	т.ғ.д., Ғылыми-зерттеу орталығы Селдік - процестерді зерттеу және селдерді болжау басқарма бастығы
6	Кауазов Азамат Маратович	г.ғ.к., «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ география және табиғатты пайдалану факультетінің метеорология және гидрология - кафедрасының аға оқытушысы, Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығы Климаттың өзгеруі жөніндегі Орталық Азия конференциясының үйлестірушісі (келісім бойынша)
7	Мадібеков Азамат Сансызбаевич	Ph.D., доцент, «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ гидрохимия - және экологиялық токсикология зертханасының басшысы (келісім бойынша)

- 8 Маштаева Шамшагуль Ибрагимовна - г.ғ.к., «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ «Экология және биоресурстардың тұрақтылығы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, география және табиғатты пайдалану факультетінің метеорология және гидрология кафедрасының оқытушысы *(келісім бойынша)*
- 9 Нысанбаева Айман Сагынбаевна - г.ғ.к., доцент «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ география және табиғатты пайдалану факультетінің метеорология және гидрология кафедрасы меңгерушісі *(келісім бойынша)*
- ҒТҚ хатшысы**
- 10 Кузагельдина Нурайлы Уралбековна - Ғылыми-зерттеу орталығы Климаттық зерттеулер басқармасының бастығы